



Бекітемін
Кожә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректоры
Ж. Темірбекова
« 02 » 09 2024 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ ҚЕ-МСО-001-2024

СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Симуляциялық орталықпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Медицина факультеті, Симуляциялық орталық
басшысы Е.Н. Тулежанов
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э. Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Г. Мусаханов
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы
м.а. Ж. Сыздыкова
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығының басшысы С.Кырыкбаева
4. Енгізілді – 2024 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2026 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
№ ЖҰМЫС ДАНАСЫ
« 30 » 09 2024 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-МСО-001-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Симуляциялық орталық		6-беттің, 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Симуляциялық орталық Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Медицина факультетінің клиникалық пәндері бойынша тәжірибелік дағдыларын жетілдіру және бағалауға арналған негізгі құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Симуляциялық орталық жұмыстары іс-тәжірибелік дайындықты меңгерген, кәсіби біліктілігі мен білімі жоғары, мемлекеттік білім беру стандартына сай мамандарды даярлауға бағытталады.

1.3. Қазақстан Республикасы бекіткен мемлекеттік лицензияланған жоғарғы кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқыту түрінде білім береді.

1.4. Симуляциялық орталық – жалпы медицина және стоматология білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр мамандардың клиникалық дағдыларын игеруіне жағдай жасайтын орталық.

1.5. Симуляциялық орталықта белгіленген тәртіппен тіркелген мүліктер мен жабдықтар үшін материалдық жауапкершілік жүктелген.

1.6. Симуляциялық орталықтың жұмысына орталық басшысы басшылық етеді. Симуляциялық орталық басшысы тікелей факультет деканына бағынады. Даярлау бағыттарының жұмыстары бойынша орталық басшысы университеттің академиялық мәселелер вице-ректорына және департамент директорлары алдында жауапкершілікте болады.

1.7. Симуляциялық орталық басшысы қызметіне медициналық факультетінің деканының ұсынысымен, университеттің академиялық мәселелер вице-ректорының келісімімен, университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

1.8. Симуляциялық орталық басшысы белгілі себептермен жұмысында болмаған жағдайда, оның қызметтік міндеттері, оны толық жауапкершілікпен орындай алатын, факультет деканының ұсынысымен, орталық басшысы міндеттерін орындауға толық жауапкершілікте болатын басқа тұлға (маман) атқарады.

1.9. Симуляциялық орталық өз жұмыстарын жылдық жоспар негізінде жүзеге асырады.

1.10. Симуляциялық орталық жұмысын және туындаған мәселелерді талқылап тиісті шешімдер қабылдау үшін айына бір рет орталық мәжілісі ұйымдастырылып, оған орталық қызметкерлері қатысады.

1.11. Симуляциялық орталықтың жұмысының нәтижесіне орталық басшысы толық жауапты.

2. СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1. Симуляциялық орталыққа қарасты оқу бөлімшелері және орталық басшысы мен маман, программист-оператордың бөлмелері бар.

- 2.2. Симуляциялық орталықтың құрамына төмендегі қызметкерлер жұмыс істейді:
- Симуляциялық орталық басшысы.
 - Маман.
 - Программист-оператор.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-МСО-001-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Симуляциялық орталық		6-бетін, 3-ші беті

3. ОРТАЛЫҚТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Симуляциялық орталық әрдайым білім беру сапасын жетілдіре отырып, барлық оқу түрлері бойынша төмендегідей қызметтерді атқарады:

3.1. Симуляциялық орталық клиникалық кафедралардың мамандандыру ерекшелігіне қарай клиникалық дағдыларды игеруіне және аралық, қорытынды бақылауды өткізуіне өзінің материалдық жағдайымен көмектеседі.

3.2. Симуляциялық орталық жылдық жұмыс жоспарын жасайды және ол медицина факультеттінің деканымен бекітіледі.

3.3. Симуляциялық орталық тәжірибелік сабақтардың сапалы өтуілуіне орталықтың мүмкіндіктері қолданады. Кафедралармен бірге клиникалық дағдыларды үйрену бойынша қарым-қатынасты, сапалы оқыту әдістерін (ашық сабақтарды) ұйымдастырады.

3.4. Симуляциялық орталық білім алушыларды бағалау парақтарымен, бейнефильмдермен, қазіргі заманға сай медициналық техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді.

3.5. Симуляциялық орталық білім алушыларға дағдыларды игеруі үшін кафедрамен бірге үйірме жұмыстарының жүруіне жетекшілік етеді.

3.6. Білім алушылардың оқу материалын қабылдауын арттыратын қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолданады.

3.7. Жаңа үлгідегі компьютерлік жабдықтарды, аудиобейнекамераларды, роботтарды, муляждарды кеңінен қолдану арқылы өз техникалық базасын дамытады, жаңашаландырып, нығайтады.

3.8. Білім алушылардың ізденушілік, шығармашылық, талдау және олардың қызмет нәтижелерін қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарын ұйымдастырылуына орталықтың мүмкіндіктерін қолданады.

3.9. Объективті құрылымдық клиникалық емтиханды (ОҚКЕ) өткізу бойынша қорытынды бақылау материалдарын базаға енгізеді, білімгерлердің тізімін симуляциялық орталықтың базасына тіркейді, шифрларды генерациялайды, емтиханның алдында таратады.

3.10. ОҚКЕ-ның өткізілуін ұйымдастырады және кезеңдермен қамтамасыз етеді.

3.11. Симуляциялық орталықтағы бөлмелерді, палаталарды манекендермен, муляждармен, робот-симуляторлармен қамтамасыз етеді, техникалық құралдардың тиімді жұмысын бақылайды.

3.12. Симуляциялық орталықта клиникалық дағдыларды игеру бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысының өткізілуін ұйымдастырады.

3.13. Симуляциялық орталықта арнайы клиникалық жағдайды қалыптастыратын оқу бөлмелерін (реанимациялық, акушерлік-гинекологиялық, хирургиялық және тағы сол сияқты палаталарды) жабдықтайды.

3.14. Қызметкерлер құрамының біліктілігін арттыруды қолдайды.

3.15. Клиникалық дағдыларды үйрену бойынша қажетті ақпараттық қорды толықтырып отырады.

3.16. Симуляциялық орталық қызмет барысында жарты жылдық және жылдық есебін әзірлейді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Кітапхана және ақпараттық қорларды, университеттің өңдеу және әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелерінің қызметін пайдалануға.

4.2. Университеттің әдістемелік және ғылыми кеңестерінің жұмыстарына қатысуға.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-МСО-001-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Симуляциялық орталық		6-беттің, 4-ші беті

4.3. Симуляциялық орталыққа қарасты кабинеттерін техникалық құралдармен және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етуге;

4.4. Басқа кафедралардың оқу жөніндегі жұмыстарымен орнатылған тәртіп бойынша танысуға.

4.5. Университеттің басшыларына симуляциялық орталықта оқу-ұйымдастыру қызметі жөнінде ұсыныс беруге.

4.6. Университеттің бөлімшелерінен оқу-ұйымдастыру жөнінде келген құжаттарды өз уақытында жеткізілуін талап етуге.

4.7. Оқу процесін және мамандардың сапасын жетілдіру мақсатында университеттің басқа кафедраларымен қарым-қатынаста болуға.

4.8. Басқа факультеттердің оқу процесін және білімгерлердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың озық тәжірибелерін таратуға, білімгерлердің ағымдағы және қорытынды білімдерін қадағалауға.

4.9. Симуляциялық орталықта кәсіби қызмет үшін қажетті жағдайдың жасалуын орнатылған тәртіп бойынша талап етуге.

4.10. Ұжымдық еңбек шартында көрсетілген келісім баптары бойынша симуляциялық орталық мүшелерінің құқығын қорғауға.

5. МІНДЕТТЕРІ

5.1. Симуляциялық орталық жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.

5.2. Симуляциялық орталық жұмысының сапа менеджментінің жүйесіне қатысты құрылымдық ережесін әзірлеу, енгізу, орындау.

5.3. Симуляциялық орталық жағдайында клиникалық дағдыны оқыту үшін сәйкес білім беру ортасын құру.

5.4. Қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың түрлерін енгізу.

5.5. Білім алушылардың өзіндік жұмысы бойынша дағдылар сапасын жетілдіруге жағдай жасау.

5.6. Объективті құрылымдық клиникалық емтиханды (ОҚКЕ) тапсыруды ұйымдастыру және өткізу.

5.7. Симуляциялық орталықтағы дағдылардың әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және бақылау.

5.8. ОПК-ның тәжірибелік дағдыларды оқыту саласы бойынша біліктілігін арттыру.

5.9. Симуляциялық орталықтың материалды-техникалық қорын дамыту және тиімді қолдану.

5.10. Симуляциялық орталық қызметкерлерінің айлық, жарты жылдық және оқу жылы соңында орталық жұмыстары жайлы жылдық есеп беріп отыру.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Симуляциялық орталыққа жүктелген қызметтер мен міндеттерді орындауға, осы ережеге сәйкес жұмыстың және қызметтің сапалы орындалуына.

6.2. Жұмыс процесін ұйымдастыру, жоспарлау және материалды жағынан қамтамасыз ету, жұмыс графикасын орындау.

6.3. Университеттің Жарғысында көрсетілген өз қызметін орындауға қатысты заңды және нормативті актілерде көрсетілген міндеттерді орындауға.

6.4. Университеттің конфиденциалды мәліметтерін жарияламауға.

6.5. Қызметтік этикасын сақтауға.

6.6. Техника-қауіпсіздік ережелерін сақтауға.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-МСО-001-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Симуляциялық орталық		6-бетін, 5-ші беті

6.7. Симуляциялық орталықта бекітілген құнды техникалық құралдар, жиһаздар және т.б. заттардың сақталуына.

6.8. Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» шегінде өзінің қызметін жүзеге асыруға.

7. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

7.1. Симуляциялық орталық тікелей медицина факультетінің деканына бағынышты.

7.2. Симуляциялық орталық жұмысының құрылымына сай вице-ректорға бағынышты.

7.3. Симуляциялық орталық күндізгі оқыту түрлерін оқу-әдістемелік бағдарламалармен қамтамасыз етуі, жоспарлауы және орталықтың қызметі туралы академиялық мәселелер вице-ректорға есеп береді.

7.4. Симуляциялық орталық шаруашылық жұмыстары бойынша жауапты хатшыға бағынышты.

7.5. Симуляциялық орталықтың қызметіне байланысты университет вице-ректорларының жазбаша нұсқауларын факультет деканының рұқсатымен орындайды.

7.6. Симуляциялық орталық сапа менеджменті жүйесін енгізілуін Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы қадағалайды және координация жасайды.

7.7. Симуляциялық орталықтың заң және құқықтық мәселелері университеттің заң бөлімімен шешіледі.

7.8. Симуляциялық орталықтың кадр мәселесі факультет деканы, академиялық мәселелер вице-ректоры, университет Ректоры және Адам ресурстарын басқару бөлімімен шешіледі.

7.9. Симуляциялық орталық университеттің Ақпараттық технология департаментімен тығыз қарым-қатынас жасайды.


7.10. Симуляциялық орталықтың айлық табелін Қаржы департаментіне өткізіп отырады.

Симуляциялық орталықтың мәжілісінде қаралып, талқыланды.

« 02 » 09 2024 ж. (№ 1 мәжіліс хаттамасы)

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры




Э. Идрисова

Заң бөлімінің басшысы



Г. Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің
басшысы м.а.



Ж.Сыздыкова

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығының басшысы



С.Кырыкбаева

